

Алтай АРҚАНЫҢ ТӨРІНДЕ жүр

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шығыстың әсем табиғаты мен байлығын паш етіп көрсеткен театрландырылған кавалькаданың құрамында көшедегі жұртқа шақыру хаттарын таратушы жас велошабандоздар да еріп жүрді. Шығыс Қазақстанның Астанадағы мәдени күндерінің ашылу салтанаты бүгін болады.

— Елордада Шығыс Қазақстанның күндері өтеді дегенді естіп, алып ұшып осында келдім. Мен өзім Катонқарағай ауданынан Астанаға осыдан жеті жыл бұрын көшіп келген едім. Жерлестерімді көріп көзайым болдым, ертең міндетті түрде туған жерімнің дәмін татып, әкелген ауыл шаруашылық тауарларын сатып аламын деп

отырмын. Осындай игі бастаманы қолға алып өткізген басшыларға ризашылығымды білдіремін, — дейді бүгінгі күні Астананың жергілікті тұрғынына айналған жерлесіміз Мырзабек Қабылов.

Біздің өңірдің ауыз толтырып айтар мақтаныштары жайында, жалпы Шығыс Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік жағдайы, өндірісі өркендеген кәсіпорындарымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігі, қарқынды дамып келе жатқан агроөнеркәсіп саласы және басқа да тақырыптар төңірегінде бүгін «Бәйтерек» баспасөз клубында болатын БАҚ өкілдерімен кездесу үстінде облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ кеңінен әңгімелейтін болады.

Ал ертең өңіріміздің өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесін, облыстың жетістіктер көрмесін, шығысқазақстандық суретшілердің шығармаларын, Жамбыл атындағы облыстық драма театрының спектакльдерін елордалықтар тамашалайды. Сондай-ақ, біздің өнер шеберлеріміз Бейбітшілік және келісім сарайында гала-концерт қояды.

(Астанадағы Шығыс Қазақстанның күндері жайындағы материалдарды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар).

СУРЕТТЕРДЕ: кавалькададан көріністер (1,2-беттерде).

Суреттер Сергей Суровтікі

